

Мен- азаматпын!

Мақсаты:

Білімділік: Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттырып, адамгершілік пен жауапкершіліктерін қалыптастырып, білімдерін кеңейту.

Дамытушылық: Еліміздің рәміздерін қастерлеуге үйрету, өз ойына қорытынды жасай алуын дамыту.

Тәрбиелік: Ата Заңымызды қадірлеуге, туған елін, жерін құрметтеуге, өз елінің мұрасын жалғастырушы азамат болуға тәрбиелеу.



Еліміз 1991 жылы 16 желтоқсанда өзінің тәуелсіздігін жариялап, дербес мемлекет болды. Бүгінде Қазақстан елі дүние жүзіндегі көптеген елдермен достық қарым-қатынас орнатқан әлемге танымал елге айналды. Қазақстанның тұңғыш рет өз Ата заңы қабылданды. Тәуелсіздік туы, көк байрағы желбіреп, асқақтаған Әнұраны шырқалуда Қазақстанның жаңа Астанасы күннен күнге жаңарып гүлденуде. Егеменді тәуелсіз Қазақстанды бүкіл әлем таныды.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы



**Өз Отаныңның патриоты болу – бұл
Қазақстанды өз жүрегіңде ұялату**

Н. Назарбаев

**Быть патриотом своей Родины – это
носить Казахстан в своем сердце**

Н. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы



Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні

*Сөзін жазғандар:
Жүмеке Нәжімедетов,
Нұрсұлтан Назарбаев
Әнін жазған: Шәмші Қалдаяқов*

Алтын күн аспаны,
Алтын дән далаем,
Ерліктің дастаны,
Еліме қарашы!
Ежелден ер деген,
Данқымыз шықты ғой.
Намысын берметен,
Қазағым мықты ғой!

Қайырмасы:

Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің - Қазақстаным!

Ұрпаққа жол ашқан,
Кең байтақ жерім бар.
Бірлігі жарасқан,
Тәуелсіз елім бар.
Қарсы алған уақытты,
Мәңгілік досындай.
Біздің ел бақытты,
Біздің ел осындай!

Қайырмасы:

Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің - Қазақстаным!



Бүгінгі тәрбие сағатының тақырыбына байланысты мен сендерге сұрақ қоямын, кім тез әрі, дұрыс жауап берсе, сол оқушыға жұлдызша беремін. Ең көп жұлдызша жинаған оқушыны тосын сый күтіп тұр. Қане, бастаймыз ба?

- ҚР президенті кім?
- Тудың түсі қандай?
- Ұлтымыз кім?
- Тәуелсіздігімізді қашан алдық?
- Қазақстанның астанасы қай қала?
- Отан туралы 5 мақал- мәтел айт
- «Патриот» деген ұғымды қалай түсінесің?
- Отанды қорғау үшін не істеу қажет?
- «Құрмет» деген сөзді қалай түсінесің?
- Әнұранның сөзі мен әнінің авторлары?
- Жеңімпаз анықталып, сыйлық беріледі.

Ал, енді жалпы тәрбие сағатына қорытынды жасау барысында, мен 5 сөз жазамын тақтаға. Сол сөздерді қолдана отырып, «мен – азаматпын» деген тақырыпта шағын шығарма жазамыз.

***МІНДЕТ, ҚҰРМЕТ, АЗАМАТ,
АДАМГЕРШІЛІК, АДАЛДЫҚ.***





Назарларыңызға рахмет!